

Библиографиялық көрсеткіш

Бұл көрсеткіш жинақталуына сәйкес толықтырылады. Загіп қоғам қайраткерлері, жазушылар және акындар, музыканттар

«Онтустік Казакстан облысынын загіп ғылым және мәдениет қайраткерлері» библиографиялық көрсеткіш облыстық арнайы кітапхананын тифлология секторы дайындады.

Оның негізі міндеті загіп қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, педагогтардың, жазушылардың, журналистердің музыканттардың жетістіктерін және олар туралы әдебиеттерді тарату.

Көрсеткіш загіптармен және әлсіз қоретіндермен жұмыс істейтін қызметкерлерге, мамандарға, оқырмандарға, кітапхана қызметкерлерге, сондай-ақ загіптар қызметі қызықтыратын адамдарға арналған.

Әрбір загіп қайраткер туралы мәлімет белгілі жүйе бойынша орналастырылған:

1. Қысқаша библиографиялық анықтама.
2. Автор шығармаларының библиографиясы.

Жазушылар және журналистер

Айнабек Нысанұлы (1909-1972)

Досалиева Салима Исмайылқызы (1941-1997)

Бакиев Ербек Мейрамбекұлы (1988)

Өнегелі ғұмыр

Айнабек Нысанұлы

(1909-1972)

Айнабек Нысанұлы 1909 жылы Бәйдібек ауданындағы "Коктерек" ауылында туган. Айнабек үш жасында қызылшамен ауырып, содан екіжанары суалып, загіп болып қалған.

Әкесі Нысан ауылда аузы дуалы, сөзі уәлі би болған. Айнабек он үш жасында-ак елге акын бала ретінде таныла бастайды. Белгілі халық акыны Нұралы Нысанбайұлы Айнабекті қасына алып, тәрбиелейді. Нұралы акынның шарапатынан күш алған Айнабек келе-келе тоқпе акынға айналады.

Айнабек Нысанұлының елге акын ретінде танылуы Ұлы Отан соғысының тұсында. Ғалым Нысанбай Торекұллының айтуынша Айнабек белгілі акындар Манат қыз, Жылқыбай, Зұлпыхар, Италмас тағы басқалардан онеге алады.

Акынның сүбелі дүниелері мыналар: "Ойсылдын отыз ұлы", "Ілияс туралы жыр", "Озім туралы", "Айнабек пен Орақтын айтысы", "М.Әуезовке арнау".

Олкелік, облыстық айтыстарда Құлжабай Төлеуов, Мынбай Сұлтанбеков, Қопбай Әлімбетов секілді акындармен айтысқа түседі. Оның айтыстары "Айтыс" жинағының 3-томында жарияланды. Сондай-ак "Онтүстік акындар айтысы" атты кітапта да Айнабектің айтыстары жарияланған.

Айнабек 1972 жылы қайтыс болды. Бейіті Бәйдібек ауданындағы "Коктерек" ауылында.

«Еңбектегі ерлігі үшін» В.И. Ленин туганына 100 жыл толу құрметіне медалімен, өлкелік, облыстық Совет атқару комитеттерінің дипломдарымен, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Коктерек ауылында мектеп ашылуына (1960 жылы) үлес қосқан. Қазір мектеп Айнабек Нысанов атында, аудан орталығы Шаян ауылында акын атында қоше бар.

Акынның бір ұлы, бір қызы, сегіз немересі бар. Ұлы Абай Айнабекұлы (1974-1994) кезінде облысқа танымал айтыскер акын болған.

Пайдаланган әдебиет:

Нысанұлы Айнабек [Мәтін] омірбаяны.- Онтустік Казакстан шығармашыл зиялылар:
1-басылым торагасы Б.М. Сапарбаев.-Алматы: Нұрлы өлем, 2001.-Б.228.

Кұлжабай мен Айнабек [Мәтін] акындар айтысы Айтыс: vш томдық. Т.3./Каз.ССР ғылым академиясы; М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Күр /Шеген Ахметов, Балташ Ыскаков, Кобей Сейдеханов.- Алматы: Жазушы, 1966.-Б.318- 330.

Конысбеков, Елшібек. Қомілген бұлақ қозін кім ашады? Айнабек Нысановтын 90 жылдығына орай [Мәтін] /Е.Конысбеков //Шымкент келбеті.-1998.-28 тамыз.-Б.3.

Представляем перечень действующих нормативных правовых актов, регулирующих жизнь и деятельность инвалидов РК.

О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан [Текст]: закон Республики Казахстан.- Алматы: ЮРИСТ, 2009.-С.20.

Новый закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года №39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» (опубликован в газете «Казахстанская правда» от 21 апреля 2005 года №9394 (24703-24704). С изменениями и дополнениями от: 7 июля 2006г.№171-III, 12 января 2007г.№222-III, 27 июля 2007г. №320-III, 19 декабря 2007г.№9-IV.

«Казахстанская правда» от 7 апреля 2011 года. О внесении изменения в приказ министра труда и о социальной защиты населения Республики Казахстан от 7 декабря 2004 года №286-п «Об утверждении Правил разработки индивидуальной программы реабилитации инвалида».

Өленіммен серпілемін

Досалиева Салима Исмайылкызы

(1941-1997жж)

Жаксылыкты ұмытпайды жүрегім,

Эперсенші куттай сзуле өмірден.

Досалиева Салима Исмайылкызы 1941 жылы желтоксаннын 10-шы жұлдызында Зертас (Галкино) ауылы Ленгір ауданында казіргі Тале-би ауданында дүниеге келген.

7 жасында ауруга шалдыгып, коз жанарынан айырылады.

1958 жылы Шымкенттегі Казак соқырлар когамына мүше болды. Осы жылы оку-ондірістік кәсіпорнында жұмысшы болумен қатар кешкі брайльша үйрену мектебінде оқыды.

Коркемонерпаздар үйірмесіне катысып, көптеген облыстык, республикалык байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Бос уақытында олендер жазып, күрбыларымен косылып ән айткан.

Онын шығармалары жергілікті басылымдарда басылып шыккан. Енбек озаты және партия мүшесі, съездерге делегат, бірнеше пленум мүшесі болды.

«Енбек таны» – «Заря труда» журналына штаттан тыс тілші болган. Бір үл, бір қыз тәрбиелеп, оларды жоғары білімді азамат етті.

Зор енбектері үшін «Халыктар достыгы» орденімен «Күрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдар мен мактау грамоталарымен марапатталган.

1997 жылы мамыр айында ұзаққа созылган наукастан сон дүние салды.

Онын шығармалары оқырмандар жүрегінен ерекше орын алды.

Әдебиеттер:

Досалиева, С.

Олендері: Мамыр айы, Омір, Киял, Озен, Ыстык кол [Мәтін] /С. Досалиева //Үкілім-ай. - 1993.- 1 кантар.

Досалиева, С.

Сәулелі Казакстан [Мәтін]: олен /С. Досалиева //Енбек таны.-1974.-№4.-Б.16.

Досалиева, С.

Шәкіртке тілек [Мәтін]: олен /С. Досалиева //Енбек таны.- 1974.-№9.-Б. 19.

Неге кырбым? [Мәтін] /С. Досалиева //Созі С.Досалиеванікі, Әні М.Әлиаскаровтікі //Енбек таны- 1978.- № 11 (сонгы бет).

Досалиева, С.

Бакыт- енбекте [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны.-1970.- № 1.- Б.78.

Досалиева, С.

Іс жүйесін тапты [Мәтін] /С. Досалиева // Енбек таны.-1970.- № 9.-Б5.

Досалиева, С.

Той үстіндегі соз [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны.-1974.- №9.-Б 7. Досалиева С.

Джигит, прошедший испытания [Текст] /С. Досалиева //Енбек таны.- 1970.-№2.-с. 7.

Досалиева, С.

Өнші жігіт: Р. Хожакұлов туралы [Мәтін]: /С. Досалиева //Енбек таны.-1972.-№5.-Б10.

Досалиева, С.

Бригада абыройы [Мәтін]: /С. Досалиева //Енбек таны.- 1972.- №7.-Б 2.

Досалиева, С.

Күдіретті күй сазы [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны.-1975-. №2.-Б 13.

Досалиева, С.

Онер сайысы [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны.-1973.-№6.-Б 4.

Досалиева, С.

Кияга какса канатын [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны.-1975.- №4.-Б12.

Досалиева, С.

Оз ісінін шебері: Кентау каласындагы оку-ондіріс кәсіби орнындагы жұмыс озаты Т.Әбдікасымов туралы [Мәтін] /С. Досалиева //Енбек таны .-1974.- №3.- Б 13.

Оленіммен серпілемін. Акын Салима Досалиевага 60 жас: Биобиблиографиялык кұрал [Мәтін].- Шымкент:ОКОАК, 2002.- Б.17.

Ол туралы әдебиеттер:

Агыбаев, К..

Мұратына жеткен келіншек [Мәтін] /К. Агыбаев //Енбек таны.- 1976.-№ 4.-Б.8-9.

Сезім козді сергек жандар шабыты [Брайльша]: козі кормейтін оқырмандардын олендер жинагы) .-Шымкент: ОКОАК,2002.-Б-32-42.

Әбішев, К.

Жангырган іздер [Мәтін] /К. Әбішев //Енбек таны.- 1989.- №9.-Б 8-9.

Әлиаскаров, М.

Орденді келіншек [Мәтін] /М. Әлиаскаров //Енбек таны.- 1979.- №3.-Б11.

Әлиаскаров, М.

Конілде жврген ой еді [Мәтін] /М. Әлиаскаров //Енбек таны.-1979.- №12.-Б 13.

Дайрабаев, С.

Талаптын мініп тұлпарын [Мәтін] /С.Дайрабаев //Енбек таны.-1970.- №10. Б.17.

Десять трудовых лет [Текст] //Заря труда.-1974.- №11.- С.17.

Қазақ соқырлар қоғамының орталық басқармасының ІІІ пленумына қатысушы Досалиева С. [Мәтін] //Еңбек таны .- 1984,- №12.-С.6.

Қуанбаев, Ә.

Жарыстан туган ойлар [Мәтін] /Ә. Қуанбаев //Еңбек таны.-1976.-№3.-Б.6.

Пигузова, Т.

Экономия и бережливость [Текст] /Т. Пигузова //Заря труда.-1984.- № 7- С.22

Уақыттан озғандар [Мәтін] //Еңбек таны.-1975.- №10.-Б11.

Жас талап туралы

біреп сөз

Бакиев Ербек Мейрамбайұлы

Бакиев Ербек Мейрамбайұлы 1988ж Кызылорда облысы Казалы ауданында өмірге келді. 1997ж 1- кыркүйекте қозі нашар қоретін балаларға арналған «Үміт» мектеп интернатынын бірінші сыныбына қабылданады. Ербектің балғын балалығы, бой түзеп жігіт болған шағы біздің қоз алдымызда өтті. Үнемі өзімен-өзі жүретін біртоға Ербек қору дөңгейінің төмендігіне қарамай қоп оқыды, қор-сем білсем деген ынта онын бойында басым болды. Сабакта үнемі белсенділік танытатын Ербек әсіресе әдебиетке күштар.

Шешендік толғауларды казак акындарынын өлендерін жатқа оқыды. 5- сыныпка келген кезде казак тілі мен әдебиетінен дәріс беретін Сейдуалиева Орал апайы Ербектің өлен жазатынын байқап қаламын үштай түсті.

Ербек өлендерінің алғашқы оқырманы, қенесшісі болып келе жатқан маған онын ізденгіштігі өнбекқорлығы үнайды. Онын өлендері «Шымкент келбеті» «Алтын үя» газеттерінде жарық қорді.

Мектеп интернатта өтетін әдеби кештер мен концерттерде кездесулер мен жарыстарда Ербек өзінің жана туындыларын жана өлендерін оқиды ол дәстүрге айналған. Ербектің өлендері негізіне баланын анаға деген махаббатын, шәкірттің үстазға деген құрметін, достар сыйластығын, Отанға деген сүйіспеншілігін жүрлайды. Ербек қоптеген шахмат ойындарынын жөнімпазы. Өзінің биазы мінезі, дархан пейілімен, инабаттылығымен Ербек достары мен үстаздары арасында қадірлі. 2007-2008 оқу жылында Ербек Бакиев мектепті бітіріп үлкен өмірге жолдама алып, 2009 жылы Шымкент педагогикалық университетінің филология факультетінің сырттай бөліміне түсті. Мүгедектерге арналған Алматы қаласында өткен «Самғау» жобасына қатысып, «Әдебиет саласында жеткен жетістіктері» деген номинацияны жөніп алды. 2010 жылы Шымкент қаласында өткен қоздері қормейтін және әлсіз қоретін азаматтарға арналған облыстық «Жанарым

менін жүрегім» байқауында I-орынға ие болды.

Омірде жолын ашық, қаламын жүйрік, ойын үшкыр болсын.

Бакиев, Е.

Оленге ғашық жас талант: [Мәтін]: олендер жинагы /Е. Бакиев
//Шымкент:ОҚОАҚ,2005.-Б-10.

Бакиев, Е.

Оленімді ертеніме жалғадым [Брайльша]: олендер жинагы /Е. Бакиев //Шымкент: ОҚОАҚ,
2009.- Б.44. .